

2025 – 2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 1 шілдедегі № 150 қаулысы.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-тармағының 8) тармақшасына, "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) және " Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024–2025, 2025–2026, 2026–2027 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 118 бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 22.07.2025 № 158 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Қилыбай

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2025 жылғы "1" шілдедегі
№ 150 қаулысына 1-қосымша

2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

Ескерту. 1 қосымшаға өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 22.07.2025 № 158 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы	2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырыс көлемі	2025-2026 оқу жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
				ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	20	1 209,3	1 055,9
2	6 B 1 0 Денсаулық сақтау	6 B 1 0 1 Денсаулық сақтау	126	1 230,7	1 218,3
3	6B11 Қызмет көрсету	6B111 Қызмет көрсету саласы	4	905,8	803,9
		6B113 Көлік қызметтері	2	905,8	803,9
4	6 B 0 7 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6 B 0 7 1 Инженерия және инженерлік іс	5	1 111,4	1 009,6
5	6 B 0 1 Педагогикалық ғылымдар	6B01Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	2	1 139,2	1 008,1
6	6 B 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6 B 0 6 3 Ақпараттық қауіпсіздік	3	1 111,4	1 009,6
7	6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6 B 0 2 2 Гуманитарлық ғылымдар	3	905,8	803,9
		6 B 0 8 1 Агрономия	2	933,6	831,8

8	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B082 Мал шаруашылығы	2	933,6	831,8	
		6B084 Балық шаруашылығы	3	933,6	831,8	
		6B086 Су ресурстары және суды пайдалану	3	933,6	831,8	
Барлығы			175			

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2025 жылғы "22" шілдедегі
№ 158 қаулысына 2-қосымша

2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (резидентура) білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. Қаулы 2-қосымшамен толықтырылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 22.07.2025 № 158 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Коды	Атауы	2025-2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орындар саны)	Жылына 1 дәрігер-резидентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
				ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары	басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
1	7R09	Денсаулық сақтау медицина)	(38	1 939,90	1 811,30